



Каспаикова Гаухар Маратқызы 1978 жылы мамырдың 27-де Жамбыл облысы, Меркі ауданында, Сарықұбы шөлді мекенде дүниеге келіп, Жаңатас қаласында өсті. 1995-жылы Абылайхан атындағы мектепті аяқтап, Тараз қаласындағы Мәдениет және Өнер гуманитарлық колледжінде жыр-терме бөліміне оқуға түсіп 1995-1997 жж. аралығында, түрлі: «Жамбыл жұлдыздары», Шәмші Қалдаяқовтың әндерінен тұратын Халықаралық «Менің қазақстаным» атты фестиваль ән-байқауларында жеңімпаз болып, Алматы қаласына 1997- жылы «Жас қанат» ән байқауына келіп бас жүлдені жеңіп алды. 1997-жылы Урумчи қаласында "Алғашқы көктем" атты ұнтаспасы шықты.

Қазақстан Мәдениет Министрлігінің ұсынысымен Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясына оқуға шақырылып, Қазақстанның туын желбіретуге алыс-жақын шет ел мемлекеттеріне конкурстарға барып жеңімпаз болып келіп жүрді. Атап айтсақ;

1997-халықаралық “Шарк тароналари” ән фестивалі дипломант.

1998- “Азия Дауысы” халықаралық фестивалі Азия дипломанты.

1999 ж.-Ыстық көл-99 халықаралық эстрадалық және фольклорлық музыка фестивалі. 1-орын.

1999 Ж. – " Шанхай Азиялық Музыка Фестивалі Ұйымдастыру Комитеті 99. Жаңа Вокалист ”жүлдесі.

1999-"Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының лауреаты".

Оқуын да осы 1999 жылы аяқтап, ары қарай “Қазақконцерт” Өнер бірлестігінде жұмысын ары қарай жалғастырды. “Неге”, “Сүйеді екенмін”, “Алғашқы көктем”, “Мен сені ойлайтынмын” атты әндерге бейнебаяндар түсірілді.

2002 жылы – өзінің шығармашылық қызметін 5 жылдығына орай “Алғашқы көктем” атты жеке ән концертін өткізді. Репертуарында әр түрлі тілдерде (қазақ, орыс, қырғыз, түрік, қытай, ағылшын) 100-ден астам эстрадалық және халықтық әндер бар. Сондай-ақ түрлі үкіметтік концерттер мен мәдени іс-шараларға белсене қатысты.

2005-2014 жылдар аралығында тұрмыс құрып, ана атанып, бала тәрбиесімен айналысты. Сондай-ақ, "Ана", "Қызым менің", "Кел билейік" атты бейнебаяндар түсірді.

Қазіргі уақытта оқытушылық қызметпен айналысады. Тіл мүкістері бар балармен, дикция, диапазонды кеңейту, дауыс шығару және т. б. балалармен айналысады.

Араға 20-жыл салып, 2019 жылы Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚҰӨА-да ұстаздық тәжірибесін, білімін арттыру, білікті маман болу мақсатында магистратураға оқуға түсіп 2021 жылы үздік қорғап, өнертану ғылымдарының магистрі болды.